



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

«Шайтан арба» (чертово колесо) деп қойғаны содан болар. Аудармашы бұл кәсіби лексикаға метафоралау әдісін қолданған.

Жиналған мәлімет негізінде кәсіби лексиканың көбінесе қоғам өмірімен тығыз байланысты салаларда жиі қолданылатынын байқауға болады, себебі кәсіби лексика ауызекі тілге жақын лексикалық қабатқа жатады. Лексиканың бұл қабаты қоғам өміріне, джүниетанымына, көзқарасына зор ықпал тигізеді, сол себепті оларды жоғарыда аталған мысалдағыдай халықтың мәдени ерекшеліктерін ескере отырып аудару тиіс.

Аударма ісінің халқымыздың тілдік, стильдік жүйесіне, рухани мәдениетіне айрықша ықпалы бар. Бұл саланың ғылыми мекемелердің жүйелі жоспарлануы нәтижесінде мамандық ретінде пайда болуы үлкен нәтиже. Өкінішке орай, әлі күнге дейін аудармаға үстіртін қарайтын ұйымдар мен мекемелер жеткілікті. Арнайы даярлықтан өткен аудармашылардың қызметін қолдану маңызды емес деп санайтын мекемелер бұл жағдайдың мемлекеттің мәселесіне айналып кетуін ойламайды. Үштілділік саясатын ұстануға бет бұрған мемлекетіміз, оның іске асуына көп қаржылай да, өзіндік жеке де көңіл бөліп отырған жоқ. Бұл жағдайды жоғарыда қарастырылған веб-сайттардағы аударманың сапасынан байқауға болады. Үштілділік саясат болғандықтан, барлық салада, әсіресе, қоғам өміріне, дүниетанымына, қоғамдық санаға әсері мол, бұқаралық ақпарат құралдарының үш тілде бірдей деңгейде жүргізілуі шарт.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Н.А.Кузьмина. Современный медиатекст: учеб. пособие. – М.: ФЛИНТА: Наука, 2013. – 416 с.
2. Айтбайұлы Ө. Қазақ сөзі (Қазақ терминологиясының негіздері). – Алматы: Рауан, 1997. – 240 б.
3. ҚДБ-Лизинг «Қазақстан Даму Банкі» АҚ құзырлық ұйымы веб-сайтының жаңалықтар бөлімі (www.kdbl.kz)
4. Kazinform (ARA,ENG,KAZ Cyrillic,KAZ Latin, RUS, CHN, Press Agency News Media www.inform.kz), халықаралық ақпарат агенттігі. 2017 жыл 15 қаңтар.
5. Ak Zhaiyk (3 lang, Atyrau Local Newspaper www.azh.kz). 2013 жыл 28 наурыз.

ӘОЖ 811.111-347.78.034

МЕТАФОРА ЖӘНЕ КӨРКЕМ АУДАРМА: БЕРІЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Төлеубаева Ақнұр Мұхитқызы

aknur.87@mail.ru

6D020700 – «Аударма ісі» мамандығының 3-нші курс докторанты,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Мұратова Г.Ә.

Қазақ тілінде жазылған көркем шығармаларды ағылшын тіліне аударуда шығарманы аудармашының оқырманға тұтастай жеткізуі мен автор мен аудармашының арасында тіл үндестігі мен рухани үндестігінің сәйкес болуы басты талаптардың бірі екені мәлім. Аударма барысында аудармашыға қиындық тудыратын себептердің бірі метафораларды аудару мәселесі. Метафораны аудару кезінде қиындық тудыратын себептің бірі, оның семантикалық құрылымының күрделілігі болып табылады. Сондықтан, бастапқы мәтіндегі метафора мен оның аударма мәтіндегі сәйкестігін оның семантикалық құрылымы анықталғаннан кейін салыстырған жөн.

Аудармадағы метафора аудармашының қалауынан ғана тумады, ол түпнұсқаға сай пайда болады. Аудармашы түпнұсқада жоқ метафораны аудармаға алып келе алмайды, өз жанынан көркемдік бейнелеу құралдарын жасауға онын еркі жоқ. Алайда мұндай талапқа жауап беру оңай емес. Түпнұсқадағы метафора аудармада теңеуге айналып кетуі немесе

теңеудің метафорға айналып кетуі тәжірибеде аз кездеспейді. Түпнұсқа мен аударманың сәйкес бірліктерін салыстырып қарастырғанда, мұндай жағдайлардың неше түрі кездеседі.

Аталған жайларды салыстырып қарастырғанда, бар сәйкестіктерді баламалық принципінің негізінде екі топқа бөлуге болады:

1. Құрылымдық баламалы сәйкестік;

2. Құрылымдық баламалы сәйкестік емес;

Құрылымдық баламалы сәйкестікке төмендегідей ерекшеліктер жатады:

– метафораларды метафорамен аудару;

– аудармадағы ақпараттың мазмұны түпнұсқадағы ақпараттың мазмұнымен бірдей болуы;

– аудармадағы метафораның түпнұсқадағы метафорамен салыстырғанда көлемді ақпаратты қамтуы;

Құрылымдық баламалы емес сәйкестіктің ерекшеліктері метафораны бейтарап тілдік құралдармен немесе образбен аударумен сипатталады. Мұндай жағдай түпнұсқадағы метафоралық құрылым мен прагматиканың жоғалуына, ал бұл өз кезегінде образдың жойылуына алып келеді.

И.Р. Гальперин метафорадан «екі түрлі түсініктің белгілерінің ұқсастықтарына негізделген заттық логикалық мағына мен контекстуалды мағынаның байланысын көреді» [1, б. 74].

Әдетте, жай метафораны аудармада сақтауға болады, ал авторлық теңеулерді аудармада жеткізу үшін образды ауыстыруға тура келеді. Метафора мағына теориясы бойынша қарастырылады. Бір тілде айтылған нәрсені басқа тілде жеткізуге болады, бірақ айтылған нәрсенің реципиенттің тілінде мағынасы болуы керек [2, б. 210].

Ю.Найда аударма дегеніміз аударма тілінде түпнұсқаға жақын баламаны жасау деп түсінеді. Сондай-ақ ғалым баламалылықты формальды және динамикалық деп қарастырады [3, б. 163]. Метафораны аудару кезіндегі баламалылықты сақтау үшін келесі факторларды ескерген дұрыс: мәдениет, метафораны аудару ережесі, мәтін түрлері.

Н.Ньюмарктің пікірінше метафораның аударылуы алдыменен оның қандай мәтінде қолданылғанына байланысты. Мәтіннің екі түрі бар: ақпаратты мәтін, мұнда лексикаланған метафоралардың функционалды қуаты жоқ, сондықтан олар аударудың жоғары деңгейіне ие. Екіншісі экспрессивті мәтін, мұнда метафора үлкен ақпаратты қуатқа және аударудың төменгі деңгейіне ие болып контекстуалды, семантикалық, прагматикалық ақпараттарды жеткізеді [4, б. 94].

Мәдениет факторын метафораның мәніне әсер етуінен аудармада қиындықтар туындайды. Түпнұсқадағы метафораны аудару деңгейі төмендегідей жағдайларға байланысты: 1) метафораның құрамындағы белгілі бір мәдени тәжірибе мен семантикалық ассоциацияларға байланысты; 2) әрбір нақты жағдайда «сәйкес келу» деңгейіне тәуелді бола тұрып, реципиенттің тіліне тән емес туындаудың болуы немесе болмауына байланысты.

Көркем шығармаларда поэтикалық және стилистикалық көрініс өте маңызды болып келеді. Бұған себеп аудармашы аудару барысында сөздердің ауысып түсуі, метафоралардың астарлы мағынада қолданылуымен жиі кездеседі. Мұндай жағдайларда сөз пішінінің жоғалту мәтіннің бөлігінің жоғалуына әкеледі. Сондықтан да метафоралық ұғымның сақталып қалуы аудармашы үшін өте маңызды.

Тілдік таңбалардың бір категориядан екінші категорияға ауысуы – тілдің барлық функционалдық деңгейінде жиі қызмет атқаратын әмбебап құбылыс. Сондықтан да төл әдебиетіміздің, тіліміз бен әлемдік әдебиет айнасындағы проза жанрының дамып жетілген көркем тілін жетік меңгерген жазушымыз Әбдіжәмил Кәрімұлы Нұрпейісовтің туындысындағы метафораның негізгі ойды, субъективтік көзқарас пен ұлттық танымды білдірудегі, айқындаудағы ролін, белгілі жағдайға байланысты метафоралардың транспозициясы (өзгеруі, құбылуы), сонымен қатар аталмыш жазушының шығармасын екі тілде салыстыра зерттеу – бүгінгі күннің талабы. Негізгі қарастырылатын мәселелердің бірі – Ә. Нұрпейісовтің “Қан мен Тер” романын ағылшын тіліндегі аудармасын салғастыра талдау,

көркемдік бейнелегіш тәсіл болып табылатын метафораларды аудару кезінде аудармашылардың кездестіретін қиыншылықтарын олардың себебін анықтау. Әрине, аудару кезінде оларды бейтарап сөздермен алмастырып қолдануға болады және автордың стиль ерекшелігін сақтау үшін орыс тілінің экспрессивтік құралдарын барынша шебер пайдалана білу керек. Осы негізде аударма мәселесін лингвистикалық аспектіде қарастыру өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Осыған орай А.Нұрпейісовтың “Қан мен Тер” романындағы метафоралардың берілу жолдары ерекше қызығушылыққа ие. Ньюмарк өзінің “A Textbook of translation” оқулығында аудармашының аударма барысында кезіктіретін екі басты мәселесі ол мәтін аударуда оңтайлы тәсіл таңдау және метафораларды аудару екеніне аса көңіл аударады. Бұл екі мәселе тіл білімінде ежелден келе жатқан ауқымды сұрақтардың бірі. Жоғарыда берілген классификациялар бойынша, метафораларды аударудың бірінші тәсілі, аудару кезінде алғашқы бейнесін сақтап аудару тәсілі арқылы келесі метафоралар жүзеге асқан:

Мысалы: “Осының бәрі күнде есіте бергесін *еті өліп кеткен*” [6, б. 6] сөйлемінде автор “*еті өліп кеткен*” дәстүрлі метафораны қолданған. “*Еті өліп кеткен*” ел аузында, *дағдыланып, үйреніп кеткен* деген мағынаға ие. Аудармашы ағылшын тілінде оны “He had long become *accustomed* to all this”, “Ол бұнын барлығына дағдыланып кеткен” [7, б. 4] яғни сөйлемдегі *accustomed* - *әдеттену, дағдылану* сөзін пайдаланып, “Ол бұрыннан осының бәріне үйреніп кеткен” деп аударма береді. Берілген сөйлемде біз аудармашының метафораның түсіріп, қарапайым сөзбен алмастырғанын байқаймыз. Бұл метафораларды аудару кезінде алғашқы бейнесін сақтап аудару тобына жатады. Д.Арутюнова классификациясына сүйенетін болсақ [8, б. 8], бұны образды метафоралар қатарына жатқызуға болады, себебі, берілген метафора астарлы мағына мен тілдің синонимдік тәсілінің дамуына қызмет етіп тұр.

“Сонан соң *жеңінің аузына* мұз қатқан су-су киімін босағада тұрып шешті де, етігімен төрге шықты” [6, б. 6] - сөйлемінде автор “*жеңінің аузына*” деген метафораны қолданған. Бұл метафора түрі дәстүрлі метафоралар қатарына жатады. Сөз тіркесінің негізгі мағынасы киімінің жеңі туралы айтқысы келгені белгілі. Алайда автор оны метафоралау жолымен әдеби түрде жеткізді. Аудармашы ағылшын тілінде метафоралау тәсілін қолданбай, тек қана “Then, standing at the threshold, he pulled off his wet clothes, with the *sleeves still frozen*, and threw those down as well,” [7, б. 4] - “Кейін босағада тұрып, жеңі әлі де мұз қатқан су-су киімін шешіп, төмен тастады” деп жеткізді. Көріп тұрғанымыздай, *жеңінің аузына* метафоралық тіркесі тек қана *sleeves-жеңі* деп аударылды. Сөйдемде біз аудармашының метафоралық бірлікті түсіріп, жай ғана бір сөзбен жеткізгенің байқаймыз. Оған қарамастан, аудармашы аударма барысында метафораның алғашқы бейнесін сақтап қалды. Д. Арутюнова классификациясы бойынша, номинативті метафоралар қатарына жатады, себебі сөйлемде *жеңінің аузына* тіркесінің аудармасы ағылшын тілінде *бір* дескриптивті ұғымның екіншісіне ауыстырылып және омонимнің көзі болып қызмет етіп тұр.

“*Жел ызғары қатая бастады*” [6, б. 7] сөйлемінде автор дәстүрлі метафораны қолданған. Н.Д.Арутюнова классификациясына сүйенсек, бұл образды метафора. Аудармашы метафораны “*The wind began to whistle*” [7, б. 5] деп, яғни *жел ызғыра бастады* деп, П.Ньюмарктың метафораларды аудару тәсілдерінің алғашқысы, аударма барысында метафораның алғашқы бейнесін сақтап қалу тәсілі бойынша аударманы жүзеге асырған.

“Осы опыр-топырдан сескеніп, *қамап тұрған көздер жылысқандай болды*, тіпті азырақ шегінді де, бірақ ит тынышталған кезде, *көздер де ескі орнында тағы көрінді*” [6, б. 8] сөйлемінде автор өз қолданысындағы поэтикалық метафораны қолданған. Н.Д.Арутюнова классификациясына сүйенсек, берілген метафоралар образды метафораларға жатады. Жұмыс барысында образды метафоралардың есебі көп екенін айтып кеткені жөн. Оның бір себебі, образ шындықты танып-білуде [әдебиет](#) пен [өнерге](#) тән ерекше эстетикалық категория. Образды метафоралар көркем шығармада сөзбен сомдалған кез келген құбылысты (көбінесе әдеби қаһарман бейнесін) сипаттауда үлкен қызмет атқарады. Аудармашы берілген сөйлемді “*The commotion caused the circle of eyes to shift restlessly for a moment and even to withdraw a*

bit, but it settled down again as the dogs became quiet” [7, б. 7] деп аударарды. Берілген аударма түпнұсқаға сай, бейнесі сақталып жасалынған.

“*Emi қызып апты*” [6, б. 9] метафорасы дәстүрлі метафоралар қатарын толықтырады. Бұл метафоралық бірлікті пайдалану барысында, автор кейіпкердің қатты ашуланғанын жеткізгісі келген. Н.Д.Арутюнова классификациясы бойынша, бұл образды метафора. Метафоралық бірлік ағылшын тіліне түпнұсқа бейнесі сақталып, “*He was angry and overheated*” [7, б. 8] деп аударылған. Яғни, ол *қызу ашуда* болды деп аударсақ болады. Алғашқы мағына сақталып, метафора аударудың бірінші тәсілі сәтті жүзеге асқан.

Шығармада байқайтынымыз, жазушы бір ғана лексикамен бірнеше метафоралық тіркестер жасаған. Келтірілген мысалдардағы метафоралар сырттай ұқсастығынан гөрі, логикалық-мағыналық қана ұқсастықтары сақталып түзілген. Дүниенің астаң-кестеңін, заманның өзгеруін, өмір көрінісін көзбен көріп отырғанымыздай, нанымды етіп, бірнеше бейнеде жасаған. Логикалық, бейнелік ұқсастықтан құрылған бұл секілді тіркестердің бойындағы көркемдеу мәні ерекше. Метафоралық тіркестер, ең алдымен, образды суреттеу тәсілі болып табылады. Бір сөзден құрылған метафоралар әр сөйлемде әр түрлі бейнелі құбылысты танытады. Яғни метафора транспозициясы автордың қолданысында өзіндік сипат алады. Мұнда автор бір ғана сөзді бейнелі образбен суреттесе болар еді. Бірақ суреткердің шеберлігінің арқасында бірнеше сөз тіркесіне, яғни метафора транспозициясына айналған тіркестер өте көп.

“*Бір кіндіктен жалғыз*” [6, б. 14] – дәстүрлі метафора, бұл үйдегі жалғыз ғана бала болғанын білдіреді. Образды метафоралар қатарына кіреді. Аударма барысында мұны “*He was all alone*” [7, б. 11] “Ол жалғыз болды” деп аударарды. Әрине, мағына ауыспай, түпнұсқаға сай келіп отыр, бұл жерде аудармашы алғашқы бейнені сақтап, жеңілдетіп аударғанын байқаймыз.

“*Ақша оған сәуле төккендей*” [6, б. 15] – дәстүрлі метафорасы. Мұнда автор ақшаның маңыздылығын көрсеткісі келген. Н.Д.Арутюнова классификациясына сүйенсек, образды метафоралар қатарын толықтырады. Аудармашы метафораны ағылшын тіліне “*Money was now his light*” [7, б. 16] деп аударарды. Мұнда аталым ретінде «light - жарық» зат есіммен берілген, «important - маңызды» ұғымын вербалдайды, «жарық» деген сөз мұнда «барлық маңызды нәрсе, жалғыз нәрсе» мағынасында берілген. Аудармада түпнұсқа мағынасы сақталып, П.Ньюмарктың аудару тәсілінің бірінші түріне сай, бейне сақталып аударылған.

“*Үскірік жел суырған жусан түбінің топырағы әп-сәтте ақ жалаңаштанып ырсиып қалды*” [6, б. 257] Сөйлемі метафоралық образды сомдап, дәстүрлі метафоралар қатарын толықтырады. Аудармашы ауыспалы мағынада берілген сөйлемді ағылшын тіліне “*From that point forward, the wind would not cease, soon it sucked and squeezed all the juice out of the earth*” [7, б. 259] деп метафоралау процессі арқылы аударылған. Бұл аудармадағы *squeezed all the juice out of the earth/сжать все соки из земли* қазақ тіліне жерді жалаңаштады десек болады. Аударма “*Осы сәттен бастап жел тоқтамай, жақын арада сорылып және жерді жалаңаштады*” деп аударарды. Аудармадағы метафора түпнұсқаға сай, бейнесі сақталып аударылған.

Енді П.Ньюмарктың метафораны аудару жолдарының екінші тәсілі, бейнені ауыстырып аудару тәсілімен жүзеге асқан метафоралар қатарына келетін болсақ, бұл аудару тәсілі іріктеудің ең аз пайызына ие. Бұнын бірде бір себебі, бейнені ауыстыру арқылы кейбір жағдайларда аударманың түпнұсқадан ауытқуы байқалады. Мұндай жағдайларда аударма еркін аударма деп саналғанымен де, шынайы аударма қалайда түпнұсқаға сәйкес болуы шарт. Бұл аудармашының алдына қойылатын негізгі шарттың бірі. П.Ньюмарктың бұл тәсілімен аударылған келесі сөйлемге тоқталайық. Бұл сөйлемде дәстүрлі метафораның аудару жолының ерекше түрін байқауға болады. - “*Бізді асыраймын деп-ақ жаныңды жалдап жүрсің*” [6, б. 38] сөйлеміндегі жаныңды жалдау метафорасы – “*He’s completely tormented, poor thing*” [7, б. 36] деп аударылған, бұл сөйлемде метафораларды аударудың екінші тобы - бейнені ауыстырып аудару тәсілі арқылы жүзеге асқан. “*Жаныңды жалдап*

жүрсін” – *tormented* - азап шеккен сөзімен ауыстырылған. Н.Д.Арутюнованың классификациясы бойынша, образды метафоралар қатарына жатқызамыз. Себебі, сөз тіркесі бірыңғай сөзбен ауыстырылып, синонимдік қатар құрады.

“Аяғы аспаннан келіп отырды” [6, б. 33] – дәстүрлі метафора. Н.Д.Арутюнова классификациясы бойынша, образды метафора. Аудармашы метафораны “*happen to be head over heels*” [7, б. 32] – деп метафораны идиомамен аударды. *Head over heels [in love]* идиомасы ағылшын тілінде “ғашық болу” деген мағынада. Бұл жерде бейне ауыстырылып, метафораларды аударудың екінші тәсілі жүзеге асты.

“Еламанның ашуы келгендей түсі суыды” [6, б. 46] сөйлемі авторлық метафорадан құралған. Метафораның бұл сөйлемдегі негізгі қызметі ауыспалы мағынада жұмсалуды. Н.Д.Арутюнова классификациясына сай, бұл образды метафоралар қатарын толықтырады. Ағылшын тіліне метафора П.Ньюмарктың оқу – әдістемесіне сай бейнесі ауыстырылап “*A flush of angry blood pervaded Elaman's face*” [7, б. 45] деп аударылған. Аударылған сөйлем “Ашуға булыққан Еламанның бетіне қан толды” деген мағынада берілген. Көріп тұрғанымыздай, аударма түпнұсқа бейнесінен ауытқып, ауыстырылып аударылған. Қазақ тілінде *түсі суыды* - *бетінен қаны қапты* тіркесіне пара пар. Ағылшын тілінде аудармашы керісінше *blood pervaded* - *қанға толуды* деп аударма жасаған. Бұл жерде біз аудармашының бүгінгі бөлшегін бейнені ауыстыру арқылы аударғанын көруге болады.

Осы мысалдарға қарап, метафоралардың екі тілде де қолданылуы әр түрлі деуге болады. Тек қана орыс және ағылшын тілінде ауыспалы мағыналардың қолдануы сақталады да, қазақ тілінде тек қана аудармасы беріледі. Бұл тұжырым көптеген шығармаларды зерттеу барысында анықталған.

Ньюмарктың аудару тәсілдерінің үшінші тобына, аудармашының түпнұсқаға еш сүйенбей, яғна демефоризация әдісі арқылы метафораны аудару жатады. Бұл жағдайда метафора алғашқы мағынасын жоғалтып, басқа көрініс алады. Бұл тәсіл туралы П.Ньюмарк аз жазған жоқ. Кез келген аудармашы бұл тәсіл арқылы аударма алмайды. Себебі, бұл тәсіл көркем аударманың қасиетін арттырып, түп - нұсканың мағыналық байлығын, ой-толғамдары мен сезім иірімдерін, көркемдік өзгешеліктерін жаңғыртып, жарқырататын, қайта туғызатын суреткерлік [шеберлік](#) болып табылады. Осы тәсіл арқылы жүзеге асқан метафоралар: “Қарақатын көсеумен жерді салып қалды” [6, б. 14] түпнұсқадағы сөйлемінде біз ешқандай метафораны байқамаймыз. Бұл контекст бойынша, Қарақаттың өте ашулы, үміті үзілген деп баяндайды. Алайда аударма барысында аудармашы сөйлемді метафоралау тәсілін қолданып “*The light died in Karakatyn's eyes*” [7, б. 13] яғни, “көзінің жарығы сөнді”, “үміті үзілді”. Сөйлемде *light died* деген аудармашының авторлық метафорасын байқауға болады. Көріп тұрғанымыздай, түпнұсқадан тыс, мүлде басқа мағынада аударылған. Мұнда біз метафораның үшінші тобын байқай аламыз, яғни бұл сөйлемде аудармашы түпнұсқаға еш сүйенбей, өз нұсқасын беріп, толықтырып отыр. Н.Д.Арутюнова классификациясына орай, бұл жалпылаушы метафоралар (когнитивті метафораның соңғы нәтижесі), яғни лексикалық мағынадағы шекара сөздерді логикалық тәртіп арасынан жоятын және логикалық полисемияның пайда болуына себепші болатын метафоралар қатарына жатқызуға болады.

Адамның әлемді тануы оның тікелей қатысуымен жүзеге асады, сондықтан метафораны аудару үшін алдымен аудармашы аударатын тілінің қоршаған ортасын бақылауы, бағалауы, сезінуі, қабылдауы арқылы жүзеге асады. Себебі кеңінен қолданылатын метафора адам өміріндегі болып жатқан жағдайларға, әртүрлі ұқсастықтарға негізделетіні анықталды.

Нақты заттарды таңбалауына байланысты жасалған метафоралар заттар мен құбылыстардың сыртқы пішін, қасиеттердің ұқсастығына және қызметтерінің ұқсастығына байланысты түрлі тәсілдермен аударылды.

Көркем шығармадағы жеке қолданыстағы метафоралар тікелей автордың ішкі дүниесін, ойлау қабілетін, тұрмыстық жағдайын баяндайды.

Н.Д. Арутюнованың ұсынған классификацияға сүйенсек, А.Нұрпейісовтың “Қан мен тер” романында астарлы мағына мен тілдің синонимдік тәсілінің дамуына қызмет ететін образды метафоралар көп.

Метафора жайлы зерттеу жұмыстарын жүргізу қазіргі қоғам дамуындағы өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Әсіресе, соңғы жылдары осы тақырып жайлы талқылау қарқынды түрде дами отырып, ірі қоғамдық және өндіргіш күшке айналууда. Оның дамуы, рухани құндылықтардың артуы мен ой еңбегінің ауқымының кеңеюіне байланысты.

Қорытындылай келе, метафораның көркем шығармада алатын рөлі зор екенін айтып кетуіміз керек. Алайда метафораларды аудару оңай аударыла бермейтін стилистикалық әдістің бірі болып табылады. Себебі ол өз алдына жаңа ұғым әкелетін күрделі стилистикалық тәсіл. Метафоралық семантика бірнеше өзара байланысты бөлшектерден тұрады: Сөздің бастапқы мағынасы, салғастыру нәтижесінде туындайтын образ және метафораны пайымдау нәтижесінде пайда болатын образ жаңа ұғымдық мазмұн. Осыған байланысты метафораның семантикалық қосқырлылығы, екіұдайлығы туралы айта аламыз, демек метафора көп функционалды болып табылады, сондықтан оны аудару кезінде қиындыққа тап боламыз. Метафораны аударуда ең басты құрал ол алдымен түпнұсқадағы метафораның мағынасын толыққанды түсіну.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. – М.: 2007. – 291стр.
2. Lorher W. Translation Performance, Translation Process, and Translation Strategies: Psychological investigation. – Tubingen: Gunter NarrVerlag, 1991. – 307 p.
3. Nida E. Theory and Practice of Translation. – Leiden, 1969. – 336 p.
4. Комиссаров В.Н. Общая теория перевода. – М.: ЧеРо, 2000. – 136 с.
5. Кеңесбаев С., Мұсабаев Ұ., Қазіргі қазақ тілі, Лексика, фонетика. – А., 1972
6. Нұрпейісов Ә. Қан мен Тер. – Алматы, 1976. – 823 б.
7. Nurpeisov A. Blood and Sweat. – N.Y., Liberty, 2013. – 903 p.
8. Арутюнова Н.Д. Образ, метафора, символ в контексте жизни и культуры // Res philolica. Филологические исследования. – М-Л.: Наука, 1990. – С. 8.

УДК 81'255.2

АНАЛИЗ ПЕРЕВОДА ИМЕН СОБСТВЕННЫХ В РОМАНЕ ДЖ. Р.Р. МАРТИНА «БИТВА КОРОЛЕЙ»

Укмет Индира Рафаиловна

indiraidiyas@mail.ru

Магистрант 1-го курса специальности 6М020700 – «Переводческое дело»

ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Амалбекова М.Б.

Художественный текст является самостоятельным элементом литературной среды. Это связано с наличием ярких экстралингвистических характеристик, принадлежащих только ему. Одной из главных особенностей является перевод имён собственных, которые играют значительную роль, поскольку они образуют лингвистическую систему, крепко связанную с сюжетом повествования, а также оказывают помощь при создании конкретного образа. На первый взгляд может показаться, что перевод имён собственных не вызывает никаких трудностей, но именно творческий процесс передачи имён собственных начинается в тот момент, когда переводчик сталкивается со смысловыми именами и прозвищами [1].

При переводе с одного языка на другой устных или письменных текстов, содержащих имена собственные, следует иметь в виду, что, во-первых, во многих языках имена собственные имеют сложную смысловую структуру, отражающие культуру и национальные особенности страны, что должно быть обязательно учтено при переводе. Во-вторых, неточности и ошибки при их переводе могут привести к разночтениям, непониманию и, как